

Физули, Шамси, Давани, которые проповедовали о природе человека и разуме. Особое внимание было уделено сущности понятия «разум» в творчестве Абая и сущности «три любви», лежащих в основе суфизма.

Материал поступил в редакцию журнала 11.11.2021

«**Mind water of the heart...**»

ZH.R. Yessenkarayeva¹, G.S. Boken¹

Sh. Ualikhanov Kokshetau university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

Abai's legacy does not lose its value over the centuries. In the age of people and time, Abai's own views and criticism are not excluded from the scene of time. The essence of Abai's creativity is the instinctive path of God, true life, humanity. Oriental philosophy occupies a special place in this study. In his works, Abai showed that he had formed his own critical philosophy, imbued with the works of scientists who lived long before his time. In this case, the scientists of the East; Special attention was paid to the novelty of the ideas of Al-Farabi, Fuzuli, Shamsi, Davani about human nature and intelligence. Particular attention was paid to the essence of the concept of intelligence in Abai's work and the essence of "three loves" that underlie Sufism.

Received: 11.11.2021

FTAXP 17.09.91

Ж.Т. Қобланов¹, Б.Ә. Карымсакова¹

¹«Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕ АҚ, Ақтау қ., 130000, Қазақстан Республикасы

УИЛЬЯМ ШЕКСПИР ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақала ағылшын әдебиетіндегі Уильям Шекспирдің трагедияларының маңызын пайымдауға арналған. Қайта өрлеу дәуіріндегі ағылшын әдебиетінің даму жағдайы Уильям Шекспир трагедияларының («Король Лир», «Гамлет», «Отелло») мысалында қарастырылады. Шекспирдің шығармаларындағы кейіпкер мінезін терең аша білу, қайғылы оқиғаны сезіне білу, айналаны қоршап алған озбырлықтарға жиіркенішпен қарауға үндеу сияқты шеберліктің белгілерін саралау арқылы сол кезең әдебиетіндегі жазушы трагедияларының өзіне тән қасиеттерін бағалауға талпыныс жасалады. Шекспир туындыларындағы дәуір көрінісі, феодалдық қоғамның озбырлығын әшкерелеу, туып келе жатқан буржуазиялық қоғамның келеңсіз жақтарына сыни тұрғыда баға беру сипаттары талданады. Шекспирдің реалистік әдісі, қаламгерлік шеберлігі, халықшылдық рухы, гуманистік көзқарасы пайымдалады. Еуропа әдебиетінің дамуына тигізген әсері, жаңалығы сараланады.

Кілт сөздер: типтік характер, образ, драматургия, антик әдебиет, халық театры, трагедия, пьеса.

КІРІСПЕ

Шекспир шығармашылығының алғашқы дәуірінде-ақ өз заманының келеңсіз жақтарын көріп, қолына қалам алған болатын. Қаламгер айналасын шырмап алған кемшіліктерге, озбырлықтарға сын көзбен қарап, адам тағдыры және оның арман-тілегі жайында тереңірек пікір жүргізуге ұмтылады. Шекспир комедияларына тән өмір қуанышынан ләззат алу оның

трагедияларында да кездеседі. Бірақ оларда келеңсіз оқиғаларды бейнелеу, зұлымдық пен соқыр сенімді сынға алу негізгі мәселе болып қалады.

Трагедияларындағы көңілсіз оқиғаларды бейнелеуде жазушы өмірден түңілу сезіміне берілмейді, керісінше ол қайғы құрсауында да өмірге сенім туғызатын оптимистік, образды тәсілдерді табады. Бұл сол қоғамда жаңалықтың ескілік үстінен жеңіске жетуін көрсетуде айқын байқалады.

Шекспир шығармаларының алғашқы дәуірінде жазылған трагедияларының бірі - «Ромео мен Джульетта» трагедиясы (1595).

Трагедияда екі өзара дұшпан отбасында дүниеге келіп, ер жеткен және кездейсоқ бір-біріне ұшырасып, ғашық болған Ромео мен Джульеттаның аянышты тағдыры хикаяланады. Феодалдық қоғамның қайшылықтары олардың еркін махаббатына тұсау болғаны айыпталады.

«Юлий Цезарь» (1599) трагедиясы сюжетінің материалы антик тарихшы Плутархтың «Қос өмірбаяндар» атты кітабынан алынып, онда осы дәуірдің ең маңызды саяси оқиғалары - ежелгі Римдегі республикашылар (Брут, Кассий) мен монархия қолдаушылары – цезарьшілер (Антоний, Октавий) ортасындағы күрестер бейнеленген. Шығармадағы терең әлеуметтік пікірлер, жау топтардың арасындағы жанкешті конфликт, тарихи тұлғалар характерін жасаудағы шеберлік – бұл трагедияны Шекспир шығармашылығының ең үздік үлгілерінің бірі дәрежесіне көтерген.

XVI ғасырдың аяқтарында Англиядағы шексіз биліктің дағдарысқа ұшырауы кездейсоқ жағдай емес еді. Өйткені, ол қоғам туғызған өндіріс қатынастарының бұдан соңғы дамуына кедергі болады. Король өкіметі мен парламент ортасындағы қарама-қарсылықтар өрши түседі. XVII ғасырдың бастарында Елизаветаның билігі аяқталып, таққа Яков Стюарт отырған еді және феодалдық озбырлық күшейген уақытта, король мен буржуазия ортасындағы қайшылықтар мүлдем шиеленісе түседі. Сол жылдары қарапайым бұқара халықтың, шаруалар мен қолөнершілердің жағдайы ауыр халде қалады.

Гуманистердің «қайғысыз бақытты өмір» туралы қиялдары капиталистік заңдар үстемдік ете бастаған кезеңде орындалмайтыны, мұның тек елес екендігі мәлім болады. Ұлттық тарихи хроника жанры Шекспирдің жаңа дәуірге тән болған көзқарасын толығымен аша алмайтын еді. Сондықтан драмашы қаламгер күйреп бара жатқан феодалдық қоғамның дағдарысын көрсету және туып келе жатқан ақша билігі мен оның тойымсыз, жыртықш табиғатты өкілдерінің шынайы образын жасауға қолайлы болған трагедия жанрына толығымен ауысады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Шекспирдің әдеби қызметі жиырма екі жылға жалғасқан болса, соның он екі жылы (1595-1607жылдар) ең жемісті кезең саналады. Осы уақыт ішінде ол көркемдік тұрғыдан ең жоғары трагедияларын жазады. Тақырыбының байлығы, идеялық бағытының айқындығы және тұрмыстық оқиғалардың терең реалистік көрінісі Шекспир трагедияларын биік сатыға көтерді. Сол себепті оның драмалық шығармашылығы дүние жүзі театрларының сахнасында берік орнығып, бүгінгі күнге дейін көрермендерді толғандырып келеді.

Өмірді жан-жақты үйреніп, адам мінезінің құпия сырларын ашу, оның көп қырлы жақтарын шынайы бейнелеу, адам талпыныстарының негізгі себептерін көрсету Шекспирдің жазушылық шеберлігін танытса керек. Драматург, кейбір қаламгерлер сияқты көрерменге құрғақ насихат айтуды мақсат тұтпайды, керісінше оны жағдайды терең түсінуге, болып жатқан оқиғалардан тиісті қорытындылар шығаруға мәжбүр қылады.

Шекспир байлық пен тойымсыздық, сараңдық адамды азғындық жолға түсіреді деп ерекше атап көрсетеді. Өйткені, оның қаһармандарының бірі Ромео дәрі сатушыдан алтын ақшаға у сатып алып: «Сен маған у сатқан жоқсың, мен саған у саттым» деп алтынның зиянды әсерінің удан да күшті екендігін дәлелдейді.

Өмірдің ащы-тұщысын өз басынан өткізген және қоғамдағы әділетсіздікті әшкере қылып: «Қылмысыңды алтынмен безендірсең, онда оған заң найзасы да өтпей, морт сынады» дейді ызаға булыққан қарт Лир. Алтынның құлы болған Шейлоктің мейірімсіз мінезі, финалық Тимонның алтын туралы монологы да бұл тұрғыдан характерлі.

Шекспир трагедияларындағы көптеген ұнамсыз бейнелер мал-дүниеге құмар, атақсүйгіш, алаяқ, залым тұлғалар. Олар алғашқы байлық топтау дәуірінің өкілдері Ричард III, Клавдий, Яго мен Макбеттер. Бұл адамдар өздерінің жеке мүдделері жолында қанды қылмыстардан да қайтпайды. Оларға Шекспир биік адамгершілік қасиеттерді өз бойларына жинақтаған Ромео, Гамлет, Отелло, Эдгар образдарын қарсы қояды.

Шекспир туғызған образдар – жанды адамдар. Оларда жақсы қасиеттермен бірге үлкен кемшіліктер де бар. Мәселен, Отелло өте қайырымды адам, бірақ оның осал жағы оқиғаларға сын көзбен қарай алмауында, сенгіштігінде. Лир де жақсы мен жаманды тез айыра алмауының себебінен қайғыға душар болады. Яго, Ричард III, Макбет, Клавдийлер қылмыс дүниесінің өкілдері, бірақ олар ақылсыз, надан жандар емес. Өз мақсатына жету жолында табанды күресуші және ауыр жағдайға кездескенде екіленбейді, өз қылмыстарын ақтауға яки жасыруға ұмтылатын сезімтал жандар.

Шекспир образдарында адамның табиғи мінезі, арман-тілегі, ғашықтық сезімдері айқын көрінеді. Әсіресе, әйелдердің парасаттылығы орта ғасыр заңдарына және жауыз әке зұлымдығына батыл қарсы шығуымен көзге түседі. Гермия («Жаз түніндегі түс»), Джульетта, Дездемоналардың адалдығы, ерлігі және табандылығы көрерменді тамсандырады. Карделия («Король Лир») – адалдық жолында жанын қиюға дайын қыз. Шекспир туындыларындағы әйелдер ақылы жағынан да, адамгершілігі жағынан да ер адамдармен қатар тұрады.

Жаңа туып келе жатқан капиталистік қатынастар, байлыққа құмарлық адамдар ортасындағы ең қасиетті байланыстарды – туысқандық, отбасы мен достық қатынастарды жаншып тастайды. Соның үшін адамгершілік идеяларды көтеретін таңғажайып образдарды Шекспир дүниеқоңыздықтан таза, пәк адамдар қылып көрсетеді. Бұл тұрғыда дана, сұлу, адал, ержүрек қыз Карделия образы жарқын бейнеленген. Трагедия соңында ол мерт болғанымен, Карделия қорғаған адалдық жеңіске жетеді. Жауыз ниетті адамдар жеңіліс табады. Бұл шығарманың оптимистік рухынан дерек береді.

Дездемона – сұлу, биязы мінезді, адамгершілік қасиеттерімен жарқын суреттелген образдардың бірі. Ол әлсіз, шектелген Офелия образына мүлде ұқсамайды, кейбір қасиеттерімен Джульеттадан да ерекшеленеді (Джульетта Ромеоны кездейсоқ ұшырасқан уақытта сүйіп қалады. Дездемона болса ғайбат сөздерді құлағына ілмей, қара маврды сүйетіндігін жасырмайды және онымен бірге шайқасқа бірге кетуге әрқашан дайын тұрады). Дездемона - адал жардың жақсы қасиеттерін өз бойына жинақтаған әйел образы.

Шекспир драматургияны жаңа, жоғары даму сатысына көтерді. Оның тақырыбын байытып, оқиғаларды типтік және шынайы бейнелеу принципін жетілдірді. Шекспир өз шығармалары үшін түрлі тарихи және әдеби деректерден (антик мәдениет, Англия тарихы, Италиядағы Қайта өрлеу дәуірі әдебиеті) кең пайдаланды. Бұл оның дүниетанымын байытты, ағылшын халық театры дәстүрлерін жалғастырып, тұрмыс диалектикасын аңғаруына (күлкі мен қайғыны бірге суреттеу, өнерді шектеп қоятын антик әдебиетке тән үш бірлік заңына бағынбау) жәрдем береді.

Шекспирдің реалистік әдісінің өзіне тән ерекшелігі сонда, ол характерлерді типтік жағдайда дараландырып суреттейді.

Бұл қаһармандардың әрдайым дамып отыруында айқын көрінеді. Характердің мүддесіне, қоғамның жиіркенішті ағымына қайшы келгенінде гуманист Гамлет сөзді қойып, қолына қылыш алады, батыр қолбасшы Гамлет даңққұмарлыққа салынып, залым қылмыскерге айналады.

Шекспир драматургиясында халық өкілдері – кедей студент Горацио («Гамлет»), сайқымазақ («Король Лир»), Флавий («Афиналық Тимон») және басқалар ерекше сүйіспеншілікпен бейнеленеді. Олар ақыл-парасатымен, пәк жүрегімен, адалдығымен

назарға лайық. Сайқымазақтың астарлы, өткір сөздерінде халық даналығы жатыр. Шекспир типтік характерлерді дараландыру арқылы жарқын образдар жасады. Бұл нәрсе оның трагедияларын жоғары даму сатысына көтерді. Шекспир тудырған характерлердің табиғилығы мен жан-жақтылығын Пушкин өте жоғары бағалайды. Оны XVII ғасырдағы француз классицизмінің ірі өкілі Мольермен салыстырып, олардың арасындағы айырмашылықтарды ашып көрсетеді.

«Король Лир» трагедиясындағы Лир бүкіл мемлекетті екі қызының қолына тапсырғаннан кейін де, өзін ілгерідегідей билеуші деп біледі, жасақтарын сақтап қалғысы келеді. Бұл жағдай қыздарына ұнамайды. Бір қызымен араздасып, екіншісіне көшіп жүрген о жар Лир ақырында сарайдан қуылып, баспанасыз қалады және қысқа уақыт ішінде ащы шындықты аңғарып, айналасындағы әділетсіздіктерді, аштықты көреді және өз қателіктерін түсініп қатты азап шегеді.

Н.А.Добролюбов Лир образына түсініктеме бере отырып, оны «теңсіздік белең алған қоғамның «сорлы құрбаны» [1,128], деп атайды. Лирдің ең үлкен қателігі сонда, ол мал-дүниеден бас тартқанымен, биліктен айрылғысы келмейді, мемлекетті қолда ұстамай-ақ басқаруға болады, деп өз күшіне артық баға береді. Бұл қатесін ол өте кеш, көп қасіретті басынан өткізгеннен кейін ғана түсінеді. Мемлекет билігінен айрылған Лирге қатынас тез өзгереді. Ең алдымен бүкіл байлықты қолына алған және әкеге тәуелділіктен құтылған үлкен қыздары оның талаптарын тындамайды, өз биліктерін жүргізеді.

Лир – күрделі және көп қырлы образ. Оның күшті және әлсіз жақтары бар. Билеуші болған дәуірде ол әлсіз еді, өйткені ақиқатты айыра білмейтін. Кедей халге түскен соң Лир шындық пен жалғанды, әділдік пен әділетсіздікті аңдайтын болады, өзін еркін сезінеді. Тақ та, бақыт та енді оған жат болып көрінеді. Оның мінезінде пайда болған бұл өзгеріс үлкен қыздарына жиіркенішпен қарауында ғана емес, ал кіші қызы Карделияның алдындағы кінәсын мойындауында байқалады. Лир образы Шекспирге бақыт пен байлық арасында қайғысыз өмір сүріп жатқан ат төбеліндей топ пен кедейлікте жасап жатқан сансыз халықтың қасіретін көрсетіп, ұлы гуманистік идеяларды бейнелеуге үлкен мүмкіндік берді.

«Шекспир жаратқан образдар, – деп жазған болатын Пушкин, – Мольердегі сияқты бірер кемшілік, бірер жауыздықты бейнелеуші типтер ғана емес, ал бір талай сезімдер мен көптеген қылмыстарды өз бойына жинақтаған тірі жандар сипатында көрінеді. Белгілі жағдайлар олардың әрқилы характерлерін көрерменнің көз алдында дамытып отырады. Мольердегі сараң – тек ғана сараң, Шекспирдегі Шейлок – сараң, зерек, кекшіл, перзент сүйгіш, шешен адам», Пушкин Шекспирдің «Характерлерді еркін және кең көлемде» суреттейтіндігі туралы айта келіп, «Борис Годунов» образын жасағанында оның осы тәсілдерінен кең пайдаланғандығын жасырмайды [2, 412].

Шекспирдің реалистік өнер туралы көзқарастары Гамлеттің актерлермен сұқбатында анық бейнеленген. «Бұл - Қайта өрлеу дәуіріндегі реалистік әдебиеттің өзіне сай манифесі. Мұнда басы артық айқай-сүрең көтермеу, бойкүйездікке салынбау, «сөзге сай әрекет» қылу, «әрекетке сай» сөйлеу және «оның табиғилық шегінен шығып кетпеуі шарт» екендігі жайлы айтылады» [3,53].

Гамлеттің «Егер әркім істеген ісіне қарай сыбағасын алатын болса, онда таяқ жеуден ешкім де құтыла алмас еді!» [4,214] деген сөзі алдымен феодалдық озбырлықты өз бойына жинақтаған залым Клавдийге және сарай ақсүйектеріне қарсы бағытталған. Белинскийдің айтуынша, «Гамлеттің әрбір сөзі у жалатқан жебенің ұшындай» [5,74].

Гамлет жалғыз күресу арқылы барша әділетсіздіктерді жеуге болады, деп ойлайды. Бірақ адасқан қоғамды «дұрыс жолға түсірудің», оны қайта құрудың жолдарын білмейді. Сол себепті оның гуманистік армандары келеңсіз қоғаммен болған аянышты конфликтте көрінеді. Гамлеттің қасіреті феодалдық зұлымдықтың негізі болған қанішер Клавдийге және сарай ақсүйектеріне қарсы күресіп, ақырында мерт болуында ғана емес, ал туып келе жатқан ақша үстемдігінің өкілі, едәуір аяр, айлакер Фортинбрас сияқты авантюристердің келуінде, келеңсіз қоғамда оның жақсы тілектерінің орындалмауында. Осы дәуірдегі ірі ақындардың бірі Джон Дон өз шығармаларында адамсүйгіштік идеялардың құлдырап кеткендігін

бейнелей отырып, адамға әлсіз аянышты бір мақұлық ретінде қараған еді. Өз заманасының қайшылықтарын сезіне білген Шекспир үмітсіздікке салынбай, керісінше, адамның шығармашылық күшіне және қабілетіне өте жоғары баға береді. Гамлет тілімен ол «Табиғаттың нағыз ғажайып туындысы – адам! Оның зейіні өткір, ондағы қабілеттер шексіз» [4,215], дейді. Бұл сөздерге Қайта өрлеу дәуіріндегі типтік тұлғаның адамға деген көзқарасын айқын көреміз.

Қаһармандардың сөзі олардың қоғамдағы алатын орнына қарай белгіленеді. Мәселен, Гамлеттің сөздері ақиқатты білуге ұмтылған, жан-жақты білімді адамның – гуманистің негізгі қасиеттерін айқын көрсететін сын мен афоризмдерге өте бай. Характерлерді дараландыру алдымен олардың сөзіндегі өзіне тән бояуларды таба білуде көрінеді.

Әкесі қастандықпен өлтірілгеннен соң көп ұзамай, анасының тақты иемденген Клавдийге тұрмысқа шығуы Гамлетті шексіз жан азабына душар етеді. Оның көзіне бүкіл дүние «қараңғы, тұңғық, мазмұнсыз көрінеді». Әкесін өлтірген өз туысы Клавдий екендігін (әке аруағы арқылы) білген соң, Гамлеттің қайғысы күшейе түседі. Інінің ағаны өлтіріп, оның тағын, бақытын иемденуі сияқты ауыр қылмысқа шыдау мүмкін емес қой. Соның үшін Гамлет Клавдийдің жиіркенішті келбетін, опасыздығын әшкерелеу, одан кек алу өз мойнына түскендігін сезінеді. Белинский айтқандай, енді ондағы «балалықтың» белгілері жойылады. Қияли елестер жоқ болады, тосаттан болған мұндай қорқынышты оқиғалар, оны әділетсіздіктер мен зұлымдықтар дүниесіне қарсы күреске аттандырады. Ол ұзақ уақыт өзімен, өзіндегі қарама-қарсы, күрделі ойлармен, түсініктермен арпалысады. Өз басына түскен қасірет басқалар бақытсыздығын аңғаруға мәжбүр қылады. Жеке бас қайғысы адамзат қасіреті алдында өзінің маңызын жояды. Олай болмағанда, ол сорлы Клавдийден әлдеқашан кек қайтарған болар еді. Бірақ Гамлет жеке өш алудан бұрын, көптеген маңызды мәселелер туралы ойланады. «Гамлет қорқақ, жүрексіз жан болып көрінгенімен шындығында олай емес. Өмірдегі өткір қарама-қарсылықтар, бір жағынан, әкесінің жауыздықпен өлтірілуі, екінші жағынан Клавдий сарайында болып жатқан бұзықшылықтар, ішілген әрбір кесе шарапты зеңбірек атумен белгілеу және басқа да келеңсіздіктер оны терең ойға қалдырады» [6, 125]. Гуманист Гамлет орта ғасыр кекшіліне де, яки замандастары Лаэрт, Фортинбрастарға да мүлде ұқсамайды. Олар қанға қан алумен ғана шектеледі, ал Гамлет намысы тапталған жан үшін кек алғысы келеді.

Отелло өзінің ерлігімен парасатты, сұлу Дездемонаның махаббатына ие болады. Тіпті, жүрегінде күдік туып, Дездемонаға сенбей қойған кездерінде де, оның жарына деген махаббаты, адалдығы сақталады, оған азап бергісі келмейді. Өйткені, «Отелло табиғатынан кекшіл жан емес. Оның Дездемонаға күдіктенуі Яго зұлымдығының салдарынан пайда болады» [7, 78].

Яго – барша залымдықты және буржуазияның менмендігін өз бойына жинақтаған образ. Алғашқы капитал топтау дәуірінің өкілі Яго – айлакер, жылпос, ақшақұмар, мейірімсіз, жауыз адам. Ол адамгершілік қасиеттерге бай Отелло мен Дездемонаға қарсы. Басқалармен достасудан қашатын, құлқы бұзық бұл жан өзінің арам пиғылдарын іске асыруда әрқилы жиіркенішті тәсілдерден пайдаланады. Солдат киіміндегі бұл залым өзін Отеллоға адал адам қылып көрсетуге қол жеткізеді. Соңынан айла-шарғыға көшеді, осындай жолдармен достарын да, әйелін де дұшпан қылып көрсетеді.

«Отелло табиғатынан қызғаншақ емес, – деген еді А.С.Пушкин, – керісінше, ол өте сенгіш адам болатын». «Қызғаншақтыққа онша бейіл еместігін» Отеллоның өзі де білдіреді. Дездемона жоғалған орамалын қайғыра сөйлегенінде Отеллоның осы қасиетін атап өтеді.

Бүйткенше алтын салған

Асыл қалтам жоғалса етті.

Ер маврым сенгіш-ті,

Қызғаныштың сұмдығынан

Алыс бола тұрса да,

Осы жайдан күдіктену мүмкін еді [8, 89], – дейді.

Отелло үшін сүйіктісінің тәні – «қардан да ақ», «мәрмәр тастан да сұлу», ұйқыдағы Дездемона – ашылып тұрған қызғалдақ, оның өлімі – күн мен айдың тұтылуына тең. Ягоның тіліндегі образдылық, оның мінезіне сай келеді. Ол өз ортасын «хайуанатханаға» ұқсатады. Яго лейтенант Кассионы кемсітеді; адал қызметшісін – «есекке», адамдарды «қарғаларға» теңейді. Ягоның сөздері дөрекі, Отеллоның сөздері нәзік, жағымды және терең мағыналы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Шекспир пьесаларында қайғылы және күлкілі жағдайлардың тұтасып кететіндігі персонаждар сұқбатындағы жедел өзгерістерде анық байқалады, яғни көтеріңкі, көңілді монологтар ащы, улы кекесіндермен ауысып отырады. Мәселен, Джульетта тойы азаға айналғанда, сайқымазақтар өнер көрсетеді. Офелияның қабірін қазып жатқан адамдар күлкілі әңгімелер айтады. Соғыс жүріп жатқанда сері Джон Фальстаф шарапханаға кіріп алып, мастық құрады.

Шекспир өмірдегі қайғылы және күлкілі, қарапайым және күрделі оқиғаларды жоғары көркемдік формада, терең философиялық пікірлермен диалектикалық бірлікте беруге өте шебер.

Шекспирдің жазушылық шеберлігі Пушкиннің 1825 жылы Н.Н.Раевскийге жазған хатында өте дұрыс көрсетілген: «Оқиғаның шынайылығы және диалогтың сенімділігі – міне трагедияның нағыз заңы... (Мен Кальдеронды да, Веганы да оқыған емеспін), бірақ Шекспир, қандай құдіретті қаламгер десеңізші! Алған әсерлерімнен әлі де айыға алмай отырмын! Байрон – трагедияшы ретінде онымен мүлде иық теңестіре алмайды!..» [9, 420].

Қорыта айтқанда, Қайта өрлеу дәуірінің ұлы қаламгері Шекспирдің гуманистік туындылары трагедия жанрын жаңа даму сатысына көтерген және дүниежүзілік әдебиеттің алтын қорына қосылған ең ғажайып шығармалар болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Добролюбов Н.А. Собрание сочинений : В 3 т. / Т. 3.: Статьи и рецензии, 1860-1861. Из "Свистка"; Из лирики / Составление Ю. Г. Буртина; Примеч. Е. Ю. Буртиной]. – Москва: Худож. лит., 1987. – 870 с.
- 2 Шекспир В. Таңдамалы. 2 т. Ауд. Ергалиев Х. – Алматы: Жазушы, 1982. – 605 б.
- 3 Burrow C. What is a Shakespearean tragedy? // The Cambridge Companion to Shakespearean Tragedy. 2nd ed. New York, 2013.
- 4 Шекспир У. Гамлет. – Москва: «Эксмо». – 2018. – 224 с.
- 5 Белинский В.Г. Избранное. – Москва: «РОССПЭН». 2010. – 712 с.
- 6 Bate J. Soul of the Age. A Biography of the Mind of William Shakespeare. New York, 2009.
- 7 Benson S. Shakespeare, Othello And Domestic Tragedy. New York, 2012.
- 8 Шекспир В. Таңдамалы. 1 т. Ауд. Әуезов М. – Алматы: «Жазушы», 1981. – 605 б.
- 9 Қобланов Ж. Шетел әдебиетінің тарихы. 3-кітап. – Алматы: «Бастау», 2015. – 491 б.

Материал 21.11.2021 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Dobrolyubov N.A. Collected works: In 3 vols. / Vol. 3.: Articles and reviews, 1860-1861. From the "Whistle"; From the lyrics/Compilation by Yu. G. Burtin; Note by E. Yu. Burtina]. – Moscow: Art. lit., 1987. – 870 p.
- 2 Shakespeare W. Selected. Translated by V. N. Ergaliyev. - Almaty: Writer, 1982. – 605 pp.
- 3 Burrow C. What is a Shakespearean tragedy? // The Cambridge Companion to Shakespearean Tragedy. 2nd ed. New York, 2013.
- 4 Shakespeare W. Hamlet. – Moscow: "Eksmo". 2018. – 224 p.
- 5 Belinsky V.G. Favorites. – Moscow: "ROSSPEN". 2010. – 712 p.
- 6 Bate J. Soul of the Age. A Biography of the Mind of William Shakespeare. New York, 2009.

7 Benson S. Shakespeare, Othello And Domestic Tragedy. New York, 2012.

8 Shakespeare V. Selected. Translated by 1 Vol. M. Auezov. – Almaty: Writer, 1981. – 605 p.

9 Koblanov Zh. History of foreign literature. Book-3. – Almaty: "Bastau", 2015. – 491 p.

Особенности произведений Уильяма Шекспира

Ж.Т.Кобланов¹, Б.А. Карымсакова¹

¹НК АО «Каспийский университет технологии и инжиниринга имени Ш.Есенова», г. Актау, 130000, Республика Казахстан

Статья посвящена рассуждению о значении трагедий Уильяма Шекспира в английской литературе. Состояние развития английской литературы эпохи Возрождения рассматривается на примере трагедий Уильяма Шекспира. Посредством дифференциации таких признаков мастерства, как умение глубоко раскрыть характер героя в произведениях Шекспира, умение прочувствовать трагедию, призыв к отвращению к произволу, окружающему его, делается попытка оценить характерные черты трагедий писателя в литературе того периода. Анализируется картина эпохи в произведениях Шекспира, характер разоблачения произвола феодального общества, критической оценки негативных сторон зарождающегося буржуазного общества. Интерпретируются реалистический метод Шекспира, мастерство, народный дух, гуманистические взгляды. Анализируется влияние новизны на развитие европейской литературы.

Материал поступил в редакцию журнала 21.11.2021

Features of the works of William Shakespeare

Zh.T. Koblanov¹, B.A. Karymsakova¹

¹NPJSC "Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yesenova", Aktau, 130000, Republic of Kazakhstan

The article is devoted to the discussion of the meaning of the tragedies of William Shakespeare in English literature. The state of development of English literature of the Renaissance is examined on the example of the tragedies of William Shakespeare. Through the differentiation of such signs of mastery as the ability to deeply reveal the character of the hero in Shakespeare's works, the ability to feel the tragedy, a call to aversion to the arbitrariness that surrounds him, an attempt is made to evaluate the characteristic features of the writer's tragedies in the literature of that period. The article analyzes the picture of the era in the works of Shakespeare, the nature of exposing the arbitrariness of feudal society, a critical assessment of the negative aspects of the emerging bourgeois society. The realistic method of Shakespeare, skill, folk spirit, humanistic views are interpreted. The influence of novelty on the development of European literature is analyzed.

Received: 21.11.2021